«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2016 жылғы 27 мамырдағы
шешіміне (№3/2016 хаттама) қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2016 жылғы 27 мамырдағы
шешімімен (№3/2016 хаттама) енгізілген

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Жарғысына**
**енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. 1-баптың 1-тармағында «Қоғамды топтық басқару кодексіне» деген сөздер «топтық басқару кодексіне» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 3-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қоғам қызметінің мәні:

1) мұнайды және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлармен тасымалдау (айдау, ауыстырып құю, қотару, құю, сақтау, араластыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;

2) Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде сұйық көмірсутегі шикізатын сақтау, оны тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің басқа түрлеріне тиеу және ауыстырып құю жөніндегі объектілерді қоса алғанда, құбыр жүйесін салуды және пайдалануды жүзеге асыру;

3) сырт ұйымдарға тиесілі магистральдық мұнай құбырларын пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

4) басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет);

5) магистральдық мұнай құбырының меншік иесі не өзге заңды негізде магистральдық мұнай құбырына иелік етуші тұлға атынан магистральдық мұнай құбырымен мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;

6) Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін таратушы құбырмен табиғи газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;

7) электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

8) жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

9) магистральдық құбырмен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;

10) тарату желілерімен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;

11) ағынды суларды бұру жөніндегі қызметтерді көрсету;

12) құбырларды жұмыс істеп тұрған магистральдық және өзге де құбырларға жалғау (қосу) құбырларды жұмыс істеп тұрған магистральдық және өзге де құбырлардан ажырату (айыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;

13) Өзен – Атырау – Самара магистральдық мұнай құбырын ілеспе тазалау жөніндегі қызметтерді көрсету;

14) Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы ресейлік мұнайды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы

Қытай Халық Республикасына тасымалдау саласындағы ынтымақтастық туралы 2013 жылғы 24 желтоқсандағы келісім аясында магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде мұнай ауыстыру;

15) магистральдық мұнай құбырларымен тасымалданатын мұнайдың реологиялық өлшемдерін зерттеу жүргізу;

16) Атырау облысының шекарасында сырт ұйымдар үшін химиялық реагенттерді қабылдау және сақтау жөніндегі қызметтерді көрсету;

17) тамақтандыруды, үйге тұрғызуды ұсыну және Қоғам магистральдық құбырлары объектілері орналасуының географиялық шекараларында қызметтік үй-жайларды мүліктік жалға беру (жалға алу) қызметтерін көрсету;

18) Қоғам қызметкерлерінің кәсіби даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру.».

3. 5-бапта:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

«11) Акционерлер жалпы жиналысының Заңмен көзделген тәртіпте Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу;»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның топтық басқару жүйесі Қоғамның барлық акционеріне әділ қатынасты және олардың құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

Акционерлердің осы баптың 1 және 2-тармақтарында белгіленген құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

Қоғам акционерлерінің Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген басқа да құқықтары болуы мүмкін.».

4. 7-баптың 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтер төлеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Заңнамаға сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса.

Акционер осы тармақта көрсетілген негіздер бойынша дивиденд төленбеген жағдайларды қоспағанда Қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне қарамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.».

5. 9-бапта:

1) 3-тармақтың бірінші азатжолында «Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі және жылдық есебі» деген сөздерде «Қоғамның және жылдық есебі» деген сөздер алынып тасталсын;

2) 28-тармақтың 5) тармақшасында «Қоғамның жылдық есебі және» деген сөздер алынып тасталсын;

3) 29-тармақ алынып тасталсын;

4) 48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньге жеке адам – акционер осы адамның жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсете отырып қол қоюы тиіс.

Заңды тұлға – акционердің сырттай дауыс беруге арналған бюллетеніне оның басшысы қол қоюы және заңды тұлғаның мөрімен (ол болған ретте) куәландырылуы тиіс.

Жеке адам – акционердің не заңды тұлға – акционер басшының қолы қойылмаған, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрі (ол болған ретте) жоқ бюллетень жарамсыз деп саналады.

Дауыстарды есептеу кезінде акционер бюллетеньде айқындалған дауыс беру тәртібін сақтаған және дауыс берудің мүмкін нұсқаларының ішінен тек біреуін ғана белгілеген мәселелер бойынша дауыстар есептеледі.».

6. 10-бапта:

1) 1-тармақта:

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«11) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;»;

14) тармақшада «Қоғамның жылдық есебін және» деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1) тармақшамен толықтырылсын:

«21-1) дивиденд саясатын бекіту;»;

22) тармақша алынып тасталсын;

2) 2-тармақта:

бірінші азатжолда «1) – 4)» деген сандар «2) – 4)» деген сандармен ауыстырылсын;

екінші азатжолда «және/немесе Жарғымен» деген сөздер алынып тасталсын.

7. 11-бапта:

1) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау және Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

2) Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;

3) Жарғыға енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды немесе оның жаңа редакциясын, сондай-ақ топтық басқару кодексін, оған енгізілетін өзгерістерді және толықтыруларды мақұлдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін, шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту, Қоғам Акционерлерінің

жалпы жиналысына Қоғамның өткен қаржы жылындағы (жарты жылдағы немесе тоқсандағы) таза кірісін бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына есептегенде жыл (жарты жыл немесе тоқсан) үшін дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар беру;

6) Қоғамның жылдық есебін және тұрақты даму саласындағы есебін (Қоғамның жылдық есебі құрамына енгізілуі мүмкін) бекіту;

7) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешімдер қабылдау;

8) Қоғам Басқармасының сан құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, бас директорды (Басқарма төрағасын) және Басқарма мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару;

9) Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) және Басқарма мүшелерінің лауазымдық айлықақылары мөлшерін және оларға еңбекақы және сыйлықақы төлеу шарттарын айқындау, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

10) Ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысын және өзге де қызметкерлерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын доғару, Ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, Ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшерін және шарттарын айқындау, оларға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

11) Ішкі аудит қызметінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын, сондай-ақ Қоғамның бизнес жоспары құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;

12) Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық есептерін қарау және олар бойынша шешімдер қабылдау;

13) топтық хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару, ол туралы ережені бекіту, сондай-ақ топтық хатшының лауазымдық айлықақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау, топтық хатшыға тәртіптік жаза қолдану туралы шешімдер қабылдау;

14) топтық хатшы қызметін құру және тарату, оның штат санын, ол туралы ережені, сондай-ақ Қоғамның бизнес жоспары құрамында осы қызметтің бюджетін бекіту;

15) қаржылық есептілікке аудит үшін аудитор ұйымның, сондай-ақ Қоғам акцияларының төлемі үшін берілген не ірі мәміле мәні болатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметтеріне төленетін ақы мөлшерін айқындау;

16) тізбесін Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, оның ішінде аукциондар өткізу және Қоғамның бағалы қағаздарына жазылу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

17) Қоғамның филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

18) Қоғамның басқа заңды тұлғалар акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешім қабылдау;

19) акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлестерінің) он және одан да көп пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлға Акционерлері (қатысушылары) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылатын қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

20) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын шамаға көбейту;

21) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

22) мәмілелер жасау туралы шешім қабылдау Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер, сондай-ақ жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

23) Директорлар кеңесі комитеттерін құру, олар туралы ережелерді бекіту, сондай-ақ комитеттер мүшелерін сайлау;

24) Қоғамның бизнес жоспарын, сондай-ақ оған енгізілетін түзетулерді бекіту;

25) Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын бекіту;

26) Қоғам компаниялары тобының есеп жүргізу саясатын және Қоғамның салық есебін жүргізу саясатын бекіту;

27) Қоғамның тәуекелдерді басқару бойынша саясатын және ішкі рәсімдерін бекіту, тиімділіктің сақталуын және оны талдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ осындай рәсімдерді жетілдіру;

28) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алу тәртібін және мерзімдерін айқындау;

29) Қоғам Директорлар кеңесі бекітетін тізбе бойынша лауазымдарға тағайындауды келісу;

30) Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағандары үшін сыйақы және шығыстарына өтем төлеу мөлшері және шарттары жөнінде Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсыныстар дайындау;

31) Қоғам Басқармасы мүшелерінің сабақтастығын жоспарлау бағдарламаларын бекіту;

32) омбудсменді тағайындау және ол туралы ережені бекіту;

33) Қоғамның аралық (жартыжылдық) қаржылық есептілігін бекіту;

34) Қоғам стейкхолдерлер картасын бекіту;

35) Қоғамның топтық әлеуметтік жауаптылығы стратегиясын бекіту;

36) Қоғам Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің, Директорлар кеңесі мүшелерінің, Қоғамның, Қоғам Басқармасының, Басқарма басшысының және мүшелерінің, Қоғам Ішкі аудит қызметінің және оның жетекшісінің қызметін бағалау жүргізу туралы шешім қабылдау;

37) Директорлар кеңесінің тиісті жылға арналған жұмыс жоспарын бекіту;

38) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін лауазымға кірісу бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекіту;

39) топтық басқару кодексі қағидаттарының және ережелерінің сақталуы/сақталмауы туралы топтық хатшының есебін бекіту;

40) Заңнамамен және/немесе Жарғымен көзделген, Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер, сондай-ақ Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы, Директорлар кеңесі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор) немесе уәкілетті мемлекеттік органдар бекіткен құжаттармен Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелер.»;

2) 7-тармақтың үшінші азатжолы «ережемен» деген сөзден кейін «және топтық басқару кодексімен» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Кез келген адамның Директорлар кеңесінің құрамына 6 жылдан астам мерзімге қатарынан (мысалы, екі үш жылдық мерзімге) сайлануы Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңалау қажеттігі ескеріліп, айрықша қарауға жатады. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор тоғыз жылдан астам қатарынан сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлануға жол беріледі, бұл рете Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлаудың қажеттілігі және осы жағдаяттың шешімдер қабылдауда тәуелсіз болуға ықпалы егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын жүруі тиіс.

Бірде-бір адам өзін тағайындаумен, сайлаумен, қайта сайлаумен, өкілеттігі доғарылуымен байланысты шешімдердің қабылдануына қатыспауы тиіс.»;

4) 14-тармақтың бірінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Директорлар кеңесінің мүшесі үш жылға дейінгі мерзімге сайланады, одан әрі қызметінің нәтижелері қанағаттанарлық болған жағдайда, үш жылға дейінгі мерзімге тағы қайта сайлануы мүмкін.»;

5) 15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын доғаруға құқылы. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы оның өкілеттігін мерзімінен бұрын доғару туралы шешім қабылдаған күннен бастап доғарылады.»;

6) 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар Директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейін кемінде күнтізбелік жеті күн бұрын, ал даму стратегиясы және бизнес жоспар мәселелері бойынша кемінде он жұмыс күні бұрын беріледі.

Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле жасасу туралы шешім қабылдау мәселесі қаралған жағдайда, мәміле туралы ақпарат

мәміле тараптарын, мәміленің орындалу мерзімдерін және шарттарын, тартылған тұлғалардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ бағалаушының есебін (Заңның 69-бабының 1-тармағымен көзделген жағдайда) қамтуы тиіс.

Қоғамның мәмілелер жасауына мүдделі тұлғалар Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты белгіленген мерзімдерді ескере отырып, Директорлар кеңесінің назарына жазбаша нысанда жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Директорлар кеңесіне жолданатын материалдарға қоса тіркеледі.

Қоғамның мәмілелер жасауына мүдделі Қоғамның лауазымды тұлғалары болатын адамдар Заңның 72-бабында көрсетілген ақпаратты ұсынады:

Директорлар кеңесінің отырысы бас қосқан тәртіпте өткізілген ретте – ол өткізілгенге дейін топтық хатшы арқылы;

Директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдаған ретте – тиісті ақпаратты бюллетеньдерде көрсету жолымен.»;

7) 25-тармақтың төртінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы бап 3-тармағының 1), 4) – 5), 8) – 9), 12) – 13), 17), 22) – 25), 35) тармақшаларында көрсетілген мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу үшін көпшілік құрам Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен екісін құрайды, бұл орайда Директорлар кеңесінің отырыстарына тәуелсіз директорлардың жай көпшілігі қатысуы тиіс.»;

8) 27-тармақтың үшінші азатжолында «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі – Қор)» деген сөздер «Қор» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 29-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы бап 3-тармағының 1), 4) – 5), 8) – 9), 12) – 13), 17), 22) – 25), 35) тармақшаларымен айқындалған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдана алмайды.»;

10) 33-тармақтың екінші азатжолы «баспа-таңбасымен» деген сөздерден кейін «(ол болған ретте)» деген сөздермен толықтырылсын.

8. 12-бапта:

1) 2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Директорлар кеңесі бекітетін Қоғам орталық аппараты қызметкерлерінің штат санын және құрылымын, топтық хатшы қызметінің штат санын ескере отырып, Қоғам орталық аппаратының штат кестесін және құрылымын бекітеді, сондай-ақ Қоғам филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерге сәйкес олардың қызметкерлерінің штат санын, құрылымын және штат кестесін бекітеді;»;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Жарғының 10-бабы 1-тармағының 10), 14), 20), 21) тармақшаларында, 11-бабы 3-тармағының 2), 8) – 14), 23), 28), 29), 30), 32) 36) – 39) тармақшаларында, 12-бабы 3-тармағының үшінші және алтыншы азатжолдарында көрсетілген мәселелерді қоспағанда, шешімдер қабылдау

Акционерлер жалпы жиналысының немесе Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған мәселелерді алдын ала қарайды;»;

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«13) мәмілелер жасау нәтижесінде құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құны жалпы мөлшерінің екі және одан да көп пайызын, бірақ жиырма бес пайыздан кемін құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәмілелерді жасасу, сондай-ақ оларға мүліктің құны өзгеруін көздейтін қосымша келісімдер жасасу туралы шешім қабылдайды;»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғамның акционерлері және оның акционерлері емес қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады. Басқарма мүшесінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, білігі, іскерлік беделі болуы тиіс.

Бас директорды (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Басқарма мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын доғарылған және Директорлар кеңесі Басқарманың жаңа мүшесін сайлаған жағдайда, жаңа мүшенің өкілеттігі тұтас алғанда Басқарма өкілеттігінің мерзімі аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Басқарма мүшесі Қоғам Директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы. Бұл ретте Басқарма мүшелері Қоғамның бәсеке ұйымдары директорлар кеңестерінің (бақылаушы кеңестерінің) немесе атқарушы органдарының құрамына кірмеуі, сондай-ақ оларда елеулі қаржылық мүддесі болмауы тиіс.

Бас директор (Басқарма төрағасы) басқа заңды тұлға атқарушы органы басшысының не атқарушы орган міндеттерін жеке-дара жүзеге асырушы адамының қызметін алуға құқылы емес.

Басқарма мүшесінің қызметі, құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, Жарғымен, Басқарма туралы ережемен, сондай-ақ көрсетілген адамның Қоғаммен жасайтын еңбек шартымен айқындалады. Бас директормен (Басқарма төрағасымен) еңбек шартына Қоғам атынан Директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған Акционерлер жалпы жиналысы немесе Директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен еңбек шартына Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) қол қояды.

Бас директормен (Басқарма төрағасымен), Басқарма мүшесі Қоғам қызметкерімен еңбек қатынастарын доғару Қоғам Директорлар кеңесінің тиісті шешімі негізінде жүзеге асырылады.»;

3) 10-тармақта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Қоғам атыннан мәмілелер жасасу құқығын қоса алғанда, Қоғамның үшінші тұлғалармен қатынастарында оның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) мүліктік сипатта емес мәмілелер және мәмілелер жасау нәтижесінде құны Қоғам активтерінің теңгерімдік құны жалпы мөлшерінің екі пайызынан

кем тұратын мүлікті сатып алатын немесе иеліктен шығаратын (сатып алуы немесе иеліктен шығаруы мүмкін) мәмілелерді жасайды;».

9. 14-бап 1-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялылығын, оның ішінде Қоғамда жұмысын доғарған кезден бастап бес жыл бойы сақтауға міндетті.».

10. 15-баптың 4-тармағы екінші азатжолының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Ірі мәміле және (немесе) жасалуына мүдделілік бар мәміле туралы ақпарат қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жылдық қаржылық есептілігіне түсіндірме жазбада жария етіледі, сондай-ақ Заңның 79-бабының талаптарына сәйкес акционерлердің және инвесторлардың назарына жеткізіледі.».

11. 16-бапта:

1) 1-тармақ мынадай мазмұндағы азатжолмен толықтырылсын:

«Қоғамның жылдық есебі Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін дайындалуы және Қоғамның топтық веб-сайтында орналастырылуы тиіс.»;

2) 3-тармақта:

бірінші азатжол мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қоғам Заңнамаға сәйкес айқындалған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында топтық оқиғалар туралы ақпаратты, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерін, Қоғамның үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша Басқарма мүшелеріне сыйақының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген тәртіпте және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.»;

мынадай мазмұндағы үшінші азатжолмен толықтырылсын:

«Қоғам ірі акционерлер туралы, сондай-ақ басшылық қызметті немесе өзге негізгі қызметті басқа заңды тұлғада қоса атқарушы Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтерді олардың басқа заңды тұлғадағы өкілеттіктері мен міндеттері туралы ақпаратты көрсетіп, қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған тәртіпте топтық веб-сайтта орналастыруға міндетті.»;

3) 4-тармақтың екінші азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен ақпаратты жариялау (акционерлер назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат ол пайда болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (акционерлер назарына жеткізіледі).»;

4) 7-тармақтың екінші азатжолы алынып тасталсын.

12. 18-баптың 2-тармағы алынып тасталсын.

**Бас директор**
**(Басқарма төрағасы)** **Н. Шманов**

Приложение
к решению Общего собрания
акционеров АО «КазТрансОйл»
от 27 мая 2016 года (протокол №3/2016)

Внесены
решением Общего собрания
акционеров АО «КазТрансОйл»
от 27 мая 2016 года (протокол №3/2016)

**Изменения и дополнения**
**в Устав акционерного общества «КазТрансОйл»**

1. В пункте 1 статьи 1 слова «Кодексом корпоративного управления Общества» заменить словами «кодексом корпоративного управления».

2. Пункт 2 статьи 3 изложить в следующей редакции:

«2. Предметом деятельности Общества являются:

1) оказание услуг по транспортировке нефти (перекачка, перевалка, слив, налив, хранение, смешение) и нефтепродуктов по магистральным трубопроводам;

2) осуществление строительства и эксплуатации трубопроводной системы на территории Республики Казахстан и за ее пределами, включая объекты по хранению, погрузке и перевалке на другие виды транспорта, по которому осуществляется транспортировка жидкого углеводородного сырья;

3) осуществление деятельности по эксплуатации магистральных нефтепроводов, принадлежащих сторонним организациям;

4) организация транспортировки казахстанской нефти по трубопроводным системам других государств (операторская деятельность по единой маршрутизации);

5) оказание услуг по транспортировке нефти по магистральному нефтепроводу от имени собственника магистрального нефтепровода либо лица, владеющего магистральным нефтепроводом на ином законном основании;

6) оказание услуг по транспортировке природного газа по распределительным трубопроводам для потребителей Республики Казахстан;

7) оказание услуг по передаче и распределению электрической энергии;

8) оказание услуг по производству, передаче и распределению тепловой энергии;

9) оказание услуг по подаче воды по магистральному трубопроводу;

10) оказание услуг по подаче воды по распределительным сетям;

11) оказание услуг по отводу сточных вод;

12) оказание услуг по подсоединению (подключению) трубопроводов к действующим магистральным и иным трубопроводам, отсоединению (отключению) трубопроводов от действующих магистральных и иных трубопроводов;

13) оказание услуг по попутной очистке магистрального нефтепровода Узень-Атырау-Самара;

14) замещение нефти в системе магистральных нефтепроводов в рамках реализации Соглашения между Правительством Республики Казахстан и Правительством Российской Федерации о сотрудничестве в области транспортировки российской нефти через территорию Республики Казахстан в Китайскую Народную Республику от 24 декабря 2013 года;

15) проведение исследований реологических параметров нефти, транспортируемой по магистральным нефтепроводам;

16) оказание услуг по приему и хранению химических реагентов для сторонних организаций в границах Атырауской области;

17) оказание услуг по предоставлению питания, проживания и передаче в имущественный найм (аренду) служебных помещений в географических границах расположения объектов магистральных трубопроводов Общества;

18) осуществление профессиональной подготовки, переподготовки и повышения квалификации работников Общества.».

3. В статье 5:

1) пункт 1 дополнить подпунктом 11) следующего содержания:

«11) участвовать в принятии Общим собранием акционеров решения об изменении количества акций Общества или изменении их вида в порядке, предусмотренном Законом.»;

2) пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. Система корпоративного управления Общества должна обеспечить справедливое отношение ко всем акционерам Общества и реализацию их прав.

Не допускаются ограничения прав акционеров, установленных пунктами 1 и 2 настоящей статьи.

Акционеры Общества могут иметь другие права, предусмотренные Законодательством и/или Уставом.».

4. Пункт 5 статьи 7 изложить в следующей редакции:

«5. Не допускается начисление дивидендов по акциям Общества:

1) при отрицательном размере собственного капитала или если размер собственного капитала Общества станет отрицательным в результате начисления дивидендов по его акциям;

2) если Общество отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с Законодательством либо указанные признаки появятся у Общества в результате начисления дивидендов по его акциям.

Акционер вправе требовать выплаты неполученных дивидендов независимо от срока образования задолженности Общества, за исключением случаев, когда дивиденд не начислен по основаниям, указанным в настоящем пункте.».

5. В статье 9:

1) в абзаце первом пункта 3 слова «и годовой отчет Общества» исключить;

2) в подпункте 5) пункта 28 слова «годовой отчет Общества и» исключить;

3) пункт 29 исключить;

4) пункт 48 изложить в следующей редакции:

«48. Бюллетень для заочного голосования должен быть подписан акционером - физическим лицом с указанием сведений о документе, удостоверяющем личность данного лица.

Бюллетень для заочного голосования акционера - юридического лица должен быть подписан его руководителем и заверен печатью юридического лица (при ее наличии).

Бюллетень без подписи акционера - физического лица либо руководителя акционера - юридического лица, а также без печати юридического лица (при ее наличии) считается недействительным.

При подсчете голосов учитываются голоса по тем вопросам, по которым акционером соблюден порядок голосования, определенный в бюллетене, и отмечен только один из возможных вариантов голосования.».

6. В статье 10:

1) в пункте 1:

подпункт 11) изложить в следующей редакции:

«11) определение аудиторской организации, осуществляющей аудит Общества;»;

в подпункте 14) слова «годового отчета Общества и» исключить;

дополнить подпунктом 21-1) следующего содержания:

«21-1) утверждение дивидендной политики;»;

подпункт 22) исключить;

2) в пункте 2:

в абзаце первом цифры «1)-4)» заменить цифрами «2)-4)»;

в абзаце втором слова «и/или Уставом» исключить.

7. В статье 11:

1) пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. К исключительной компетенции Совета директоров Общества относятся следующие вопросы:

1) определение приоритетных направлений деятельности Общества и утверждение стратегии развития Общества;

2) принятие решения о созыве годового и внеочередного Общего собрания акционеров;

3) одобрение изменений и дополнений, вносимых в Устав, или его новой редакции, а также кодекса корпоративного управления, изменений и дополнений в него;

4) принятие решения о выкупе Обществом размещенных акций или других ценных бумаг и цене их выкупа;

5) предварительное утверждение годовой финансовой отчетности Общества, консолидированной годовой финансовой отчетности, представление Общему собранию акционеров Общества предложений о порядке распределения чистого дохода Общества за истекший финансовый

год (полугодие или квартал) и размере дивиденда за год (полугодие или квартал) в расчете на одну простую акцию Общества;

6) утверждение годового отчета Общества и отчета в области устойчивого развития (может быть включен в состав годового отчета Общества);

7) определение условий выпуска облигаций и производных ценных бумаг Общества, а также принятие решений об их выпуске;

8) определение количественного состава, срока полномочий Правления Общества, избрание генерального директора (председателя Правления) и членов Правления, а также досрочное прекращение их полномочий;

9) определение размеров должностных окладов и условий оплаты труда и премирования генерального директора (председателя Правления) и членов Правления Общества, принятие решений о наложении дисциплинарных взысканий на них;

10) определение количественного состава, срока полномочий Службы внутреннего аудита, назначение ее руководителя и иных работников, а также досрочное прекращение их полномочий, определение порядка работы Службы внутреннего аудита, размера и условий оплаты труда и премирования работников Службы внутреннего аудита, принятие решений о наложении на них дисциплинарных взысканий;

11) утверждение плана работы Службы внутреннего аудита на соответствующий год, а также бюджета данной службы в составе бизнес-плана Общества;

12) рассмотрение квартальных и годовых отчетов Службы внутреннего аудита и принятие по ним решений;

13) назначение, определение срока полномочий корпоративного секретаря, досрочное прекращение его полномочий, утверждение положения о нем, а также определение размера должностного оклада и условий вознаграждения корпоративного секретаря, принятие решений о наложении дисциплинарных взысканий на корпоративного секретаря;

14) создание и упразднение службы корпоративного секретаря, утверждение ее штатной численности, положения о ней, а также бюджета данной службы в составе бизнес-плана Общества;

15) определение размера оплаты услуг аудиторской организации за аудит финансовой отчетности, а также оценщика по оценке рыночной стоимости имущества, переданного в оплату акций Общества либо являющегося предметом крупной сделки;

16) утверждение документов, регулирующих внутреннюю деятельность Общества, перечень которых утверждается Советом директоров, в том числе внутреннего документа, устанавливающего условия и порядок проведения аукционов и подписки ценных бумаг Общества;

17) принятие решений о создании и закрытии филиалов и представительств Общества и утверждение положений о них;

18) принятие решения о приобретении (отчуждении) Обществом десяти и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) других юридических лиц;

19) принятие решений по вопросам деятельности, относящимся к компетенции Общего собрания акционеров (участников) юридического лица, десять и более процентов акций (долей участия в уставном капитале) которого принадлежит Обществу;

20) увеличение обязательств Общества на величину, составляющую десять и более процентов размера его собственного капитала;

21) определение информации об Обществе или его деятельности, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну;

22) принятие решения о заключении крупных сделок, а также сделок, в совершении которых Обществом имеется заинтересованность, за исключением сделок, принятие решения о заключении которых относится к компетенции Правления;

23) создание комитетов Совета директоров, утверждение положений о них, а также избрание членов комитетов;

24) утверждение бизнес-плана Общества, а также вносимых в него корректировок;

25) утверждение штатной численности работников и структуры центрального аппарата Общества;

26) утверждение учетной политики группы компаний Общества и налоговой учетной политики Общества;

27) утверждение политик и внутренних процедур Общества по управлению рисками, обеспечение соблюдения и анализ эффективности, а также совершенствование таких процедур;

28) определение порядка и сроков получения членами Совета директоров информации о деятельности Общества, в том числе финансовой;

29) согласование назначения на должности по перечню, утверждаемому Советом директоров Общества;

30) подготовка рекомендаций Общему собранию акционеров Общества по размеру и условиям выплаты вознаграждений и компенсации расходов членам Совета директоров Общества за исполнение ими своих обязанностей;

31) утверждение программ планирования преемственности членов Правления Общества;

32) назначение омбудсмена и утверждение положения о нем;

33) утверждение промежуточной (полугодовой) финансовой отчетности Общества;

34) утверждение карты стейкхолдеров Общества;

35) утверждение стратегии корпоративной социальной ответственности Общества;

36) принятие решения о проведении оценки деятельности Совета директоров Общества, комитетов Совета директоров, членов Совета

директоров, Общества, Правления Общества, руководителя и членов Правления, Службы внутреннего аудита Общества и ее руководителя;

37) утверждение плана работы Совета директоров на соответствующий год;

38) утверждение программы введения в должность для вновь избранных членов Совета директоров и программы профессионального развития для каждого члена Совета директоров;

39) утверждение отчета корпоративного секретаря о соблюдении/несоблюдении принципов и положений кодекса корпоративного управления;

40) иные вопросы, предусмотренные Законодательством и/или Уставом, не относящиеся к исключительной компетенции Общего собрания акционеров Общества, а также вопросы, отнесенные к компетенции Совета директоров документами, утвержденными Общим собранием акционеров, Советом директоров Общества, акционерным обществом «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – Фонд) или уполномоченными государственными органами.»;

2) абзац третий пункта 7 дополнить словами «и кодексом корпоративного управления»;

3) пункт 13 изложить в следующей редакции:

«13. Избрание любого лица в состав Совета директоров на срок больше шести лет подряд (например, два трехлетних срока) подлежит особому рассмотрению с учетом необходимости качественного обновления состава Совета директоров. Независимый директор не может избираться в Совет директоров более девяти лет подряд. В исключительных случаях допускается избрание на срок более девяти лет, при этом избрание независимого директора в Совет директоров должно происходить ежегодно с подробным разъяснением необходимости избрания данного члена Совета директоров и влияния данного фактора на независимость принятия решений.

Ни одно лицо не должно участвовать в принятии решений, связанных с собственным назначением, избранием, переизбранием, прекращением полномочий.»;

4) абзац первый пункта 14 изложить в следующей редакции:

«14. Члены Совета директоров избираются на срок до трех лет, в последующем, при условии удовлетворительных результатов деятельности, может быть переизбрание еще на срок до трех лет.»;

5) пункт 15 изложить в следующей редакции:

«15. Общее собрание акционеров вправе досрочно прекратить полномочия всех или отдельных членов Совета директоров. Полномочия такого члена Совета директоров прекращаются с даты принятия Общим собранием акционеров решения о досрочном прекращении его полномочий.»;

6) пункт 23 изложить в следующей редакции:

«23. Материалы по вопросам повестки дня представляются членам Совета директоров не менее чем за семь календарных дней до даты

проведения заседания, а по вопросам стратегии развития и бизнес-плана – не менее, чем за десять рабочих дней.

В случае рассмотрения вопроса о принятии решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой имеется заинтересованность, информация о сделке должна включать сведения о сторонах сделки, сроках и условиях исполнения сделки, характере и объеме долей участия вовлеченных лиц, а также отчет оценщика (в случае, предусмотренном пунктом 1 статьи 69 Закона).

Лица, заинтересованные в совершении Обществом сделки, обязаны в письменной форме довести до сведения Совета директоров информацию, указанную в статье 72 Закона, с учетом установленных сроков. Данная информация прикладывается к материалам, направляемым Совету директоров.

Лица, заинтересованные в совершении Обществом сделки, являющиеся должностными лицами Общества, представляют информацию, указанную в статье 72 Закона:

при проведении заседания Совета директоров в очном порядке - до его проведения через корпоративного секретаря;

при принятии Советом директоров решения посредством заочного голосования - путем указания соответствующей информации в бюллетенях.»;

7) абзац четвертый пункта 25 изложить в следующей редакции:

«Кворум для проведения заседаний Совета директоров по вопросам, указанным в подпунктах 1), 4)-5), 8)-9), 12)-13), 17), 22)-25), 35) пункта 3 настоящей статьи, составляет две трети членов Совета директоров, при этом в заседаниях Совета директоров должны принимать участие простое большинство независимых директоров.»;

8) в абзаце третьем пункта 27 слова «АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Қазына» (далее – Фонд)» заменить словом «Фонда»;

9) абзац второй пункта 29 изложить в следующей редакции:

«Не могут быть приняты решения посредством заочного голосования по вопросам, определенным подпунктами 1), 4)-5), 8)-9), 12)-13), 17), 22)-25), 35) пункта 3 настоящей статьи.»;

10) абзац второй пункта 33 дополнить словами «(при ее наличии)».

8. В статье 12:

1) пункте 2:

подпункт 1) изложить в следующей редакции:

«1) утверждает штатное расписание центрального аппарата и структуру Общества с учетом утверждаемых Советом директоров штатной численности работников и структуры центрального аппарата Общества, штатной численности службы корпоративного секретаря, а также утверждает штатную численность работников, структуру и штатное расписание филиалов и представительств Общества в соответствии с положениями о них;»;

подпункт 9) изложить в следующей редакции:

«9) предварительно рассматривает вопросы, принятие решений по которым отнесено к компетенции Общего собрания акционеров или Совета директоров, за исключением вопросов, указанных в подпунктах 10), 14), 20), 21) пункта 1 статьи 10, подпунктах 2), 8)-14), 23), 28), 29), 30), 32), 36)-39) пункта 3 статьи 11, абзацах третьем и шестом пункта 3 статьи 12 Устава;»;

подпункт 13) изложить в следующей редакции:

«13) принимает решения о заключении сделок, в результате которых Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет два и более процентов, но менее двадцати пяти процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества, а также о заключении дополнительных соглашений к ним, предусматривающих изменение стоимости имущества;»;

2) пункт 3 изложить в следующей редакции:

«3. Членами Правления могут быть акционеры и работники Общества, не являющиеся его акционерами. Член Правления должен обладать соответствующими опытом работы, знаниями, квалификацией, деловой репутацией.

В случае досрочного прекращения полномочий члена Правления, за исключением генерального директора (председателя Правления), и избрания Советом директоров нового члена Правления, полномочия последнего истекают одновременно с истечением срока полномочий Правления в целом.

Члены Правления вправе работать в других организациях только с согласия Совета директоров Общества. При этом, члены Правления не должны входить в состав советов директоров (наблюдательных советов) или исполнительных органов организаций-конкурентов Общества, а также иметь в них существенную финансовую заинтересованность.

Генеральный директор (председатель Правления) не вправе занимать должность руководителя исполнительного органа либо лица, единолично осуществляющего функции исполнительного органа, другого юридического лица.

Функции, права и обязанности члена Правления определяются законодательными актами Республики Казахстан, Уставом, Положением о Правлении, а также трудовым договором, заключаемым указанным лицом с Обществом. Трудовой договор от имени Общества с генеральным директором (председателем Правления) подписывается председателем Совета директоров или лицом, уполномоченным на это Общим собранием акционеров или Советом директоров. Трудовой договор с остальными членами Правления подписывается генеральным директором (председателем Правления) Общества.

Прекращение трудового договора с генеральным директором (председателем Правления), работником Общества, являющимся членом Правления, осуществляется на основании соответствующего решения Совета директоров Общества.»;

3) в пункте 10:

подпункт 4) изложить в следующей редакции:

«4) выдает доверенности на право представления Общества в его отношениях с третьими лицами, включая права по совершению сделок от имени Общества;»;

подпункт 8) изложить в следующей редакции:

«8) совершает сделки неимущественного характера, а также сделки, в результате которых Обществом приобретается или отчуждается (может быть приобретено или отчуждено) имущество, стоимость которого составляет менее двух процентов от общего размера балансовой стоимости активов Общества;».

9. Подпункт 5) пункта 1 статьи 14 изложить в следующей редакции:

«5) обязаны соблюдать конфиденциальность информации о деятельности Общества, в том числе в течение пяти лет с момента прекращения работы в Обществе.».

10. Предложение первое абзаца второго пункта 4 статьи 15 изложить в следующей редакции:

«Информация о крупной сделке и (или) сделке, в совершении которой имеется заинтересованность, раскрывается в пояснительной записке к годовой финансовой отчетности в соответствии с международными стандартами финансовой отчетности, а также доводится до сведения акционеров и инвесторов в соответствии с требованиями статьи 79 Закона.».

11. В статье 16:

1) пункт 1 дополнить абзацем следующего содержания:

«Годовой отчет Общества должен быть подготовлен и размещен на корпоративном веб-сайте Общества до проведения годового Общего собрания акционеров.»;

2) в пункте 3:

абзац первый изложить в следующей редакции:

«3. Общество обеспечивает размещение на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, определенного в соответствии с Законодательством, информации о корпоративных событиях, годовой финансовой отчетности Общества и аудиторских отчетов, списка аффилиированных лиц Общества, а также информации о суммарном размере вознаграждения членов Правления по итогам года в порядке и сроки, установленные нормативным правовым актом уполномоченного государственного органа.»;

дополнить абзацем третьим следующего содержания:

«Общество обязано разместить на корпоративном веб-сайте информацию о крупных акционерах, а также сведения о членах Совета директоров Общества, совмещающих руководящую должность или иную основную деятельность в другом юридическом лице, с указанием информации об их полномочиях и обязанностях в другом юридическом лице в порядке, определяемом внутренними документами фондовой биржи.»;

3) абзац второй пункта 4 изложить в следующей редакции:

«В случае, если Законом и другими законами Республики Казахстан не предусмотрены сроки опубликования (доведения до сведения акционеров) информации, данная информация публикуется (доводится до сведения акционеров) в течение трех рабочих дней с даты ее возникновения.»;

4) в пункте 7 абзац второй исключить.

12. Пункт 2 статьи 18 исключить.

**Генеральный директор**
**(председатель Правления)** **Н. Шманов**

Второе июня две тысячи шестнадцатого года я, Малахов Михаил Федорович, нотариус нотариального округа города Астана (Государственная лицензия № 0000001 выдана 25 апреля 1998 года Министерством юстиции Республики Казахстан), свидетельствую подлинность подписи Генерального директора Акционерного общества «КазТрансОйл» - гр. Шманова Нуртаса Нурибековича, которая сделана в моем присутствии. Личность представителя установлена, дееспособность его и полномочия, а также правоспособность Акционерного общества «КазТрансОйл» проверены.

Зарегистрировано в реестре № 4916

Взыскано:

Нотариус_______________

Пронумеровано и прошнуровано
девятнадцать листов
Удостоверенного документа
Нотариус Малахов М.Ф.
(лицензия № 0000001 от 25.04.1998г. МЮ РК)